



№ 12 (1481)  
9 сәуір  
2013 жыл

Аптаулық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz



## Қайрат Мәми – ҚазҰУ қонағы

Стратегиялық басты құжатта айтылған білім саласының міндеттерін айшықтауға арналған шарада университет оқытушылары мен профессорлары сөз алды. Осы орайда экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы Баян Ермекбаева: «Біз негізгі мақсат бөсекеге қабілетті маман, Қазақстан патриоттарын тәрбиелеу екендігін түсінеміз. Сондықтан Жолдауда қойылған міндеттерді іске асырудың негізгі бағыттарын түйіндейтін жаңа жоба қабылдадық», – деп университеттің жетістіктеріне, қорытындыға негізделген басқару жүйесіне, оқу процесіне, оның ішінде халықаралық STEM стандартының артықшылықтарына, жаңа оқу бағдарламасына, сондай-ақ, 63 кафедрада қабылданған серпінді жобалардың маңызына кеңінен тоқталды.

Стратегиясы жайында ой толғай сөйледі. «Бүгінгі Қазақстан – толысқан, өзіне сенімді мемлекет. Стратегияда 2050 жылға дейінгі саяси бағыт ұсынылды. Елбасы жеті міндетті белгілеп берді. Олардың бірі – білім берудің жаңа міндеттерін құруға байланысты», – дей келе, еліміздің экономикалық дамуы, әлеуметтік жағдайынан мәлімет бере кетті. Жан басына шаққанда шетелдік инвестиция тартудан ТМД-да көш бастап келе жатқандығымызды жеткізді. Сонымен қатар әлеуметтік қолдау, тұрғын үй мәселесі, жұмыссыздық деңгейі, саяси тұрақтылық тақырыптары, еліміздегі құқықтық заң нормалары хақында өз ойымен бөлісті.

8 сәуірде қасиетті қара шаңырақ ҚазҰУ-дың мәртебелі түлектерінің бірі, ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Қайрат Мәми Елбасы – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауын талқылау мақсатында университет ұжымымен кездесті.

Университет ОПҚ баяндамаларына мұқият назар салған ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Қайрат Мәми оқу орнында атқарылып жатқан жұмыстарға оң баға бере отырып, ағымдағы жылдың негізгі оқиғасы «Қазақстан-2050»

Сөз соңында сенат төрағасы ҚазҰУ Түлектер қауымдастығының жұмысына тоқталды. Шетелдік ЖОО-лардың тәжірибесін мысалға ала отырып, ҚазҰУ-дың биік деңгейін баса айтты. Өз баяндамасында Түлектер қауымдастығының жүйелі жұмысын танытты.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

## Саид Джалилидің танымдық дәрісі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Иран Ұлттық Қауіпсіздік Жоғары кеңесінің хатшысы Саид Джалилимен кездесу өтті.

Кездесуге университеттің оқытушы-профессорлар құрамы, шығыстану, философия және саясаттану факультеттерінің магистранттары мен студенттері қатысты. Бұл сапар Саид Джалилидің Қазақстандағы жоғары оқу орнына тұңғыш келуі. С. Джалили «Алтылық» ирандық ядролық бағдарламасы аясындағы сапары барысында келіп отыр. Келіссөздің басты тақырыбы Иранның ядролық бағдарламасын реттеу болмақ.



Алқалы жиынды ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов құттықтау сөзімен ашты. «Қазақстан мен Иран арасындағы әріптестік қарым-қатынас артып келеді. Соның бір белгісі, біздің университеттің Ирانتану мамандығын меңгеріп жатқан студенттеріміз бен магистранттарымыз Иранның оқу орындарында білім алып жатыр. Сіздің дәрісіңіз осында отырған жастарға құнды да керек мәліметтері арқылы келешекке білім қоржындарын толықтыруға таптырмас дүние болмақ. Бәріңізге сәттілік, Сізге зор алғысымды білдіремін», – деді ректор.

Иран Ұлттық Қауіпсіздік Жоғары кеңесінің хатшысы Саид Джалили

Аймақтық қауіпсіздік пен Тегеранның атомдық бейбітшілік қалыпта дамуының жоспары туралы дәріс оқыды. Онда Америка, Иран елдері арасындағы қарым-қатынастар, елдегі қазіргі саяси хал-ахуал туралы кеңінен айтты. «Сіздер білім алып отырған университет әл-Фараби атында, ол қайырымды қала, қайырымды қоғам туралы көп зерттеп, жазды. Әділдікті көздеді. Сіздер де білім нәрімен бірге әділетті болуды ту өтіп жүргейсіздер. Ал дәріс негізінде айтарым, ядролық қаруға ие ел – ең қауіпті ел. Біздің қазіргі әділдік үшін күресіміз, әрбір адам үшін күрес деуге болады. Сіздермен бүгінгі кездесу

наурыз, көктем мезгілінде өтіп отыр, біздің де ертеңгі кездесу келіссөзіміз жаңа көктемдік жұмысқа бетбұрыс болады деп сенгім келеді. Сіздерге ыстық ықыласымды білдіремін», – деді С. Джалили.

Дәріс соңында студенттер өз сауалдарына сұрақ-жауап барысында толық жауап алды.

Бұл іс-шараға Иран Ұлттық Қауіпсіздік Жоғары кеңесінің өкілдері, ҚР-дағы Иран Ислам Республикасының дипломатиялық корпусының мамандары қатысты.

Еңлік АҚЖІГІТ

I Форум проекта Темпус Европейского Союза QUEECA «Качество инженерного образования в Центральной Азии» успешно завершил работу в КазНУ.

## Соответствовать европейским стандартам

В Послании «Казахстан-2050» Глава государства подчеркнул роль высших учебных заведений страны в подготовке специалистов, способных самостоятельно генерировать знания и творчески преобразовывать их в новые технологии.

«В настоящее время перед нами поставлена задача формирования учебных программ нового поколения, которые будут признаваемы и аккредитованы по международным стандартам. Это, несомненно, будет способствовать успешному развитию современной системы инженерного образования. А создание независимых центров подтверждения квалификации специалистов откроет для них новые возможности в глобальной конкурентной среде», – отметил ректор КазНУ Ғалым Мутанов.

На форуме ученые обсудили вопросы повышения качества образования в области естественно-научных дисциплин и разработки Центрально-азиатских стандартов аккредитации программ инженерного образования в соответствии с европейскими требованиями.

(Продолжение на 2-стр.)

## ЖЕТІСТІКЖЕ ЖЕТУДІң ЖОЛДАРЫМЕН БӨЛІСТІ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінде “Тәуелсіздік таңындағы жаңа тұлғалар” жобасы аясында белгілі кәсіпкер отандасымыз Серікбай Бисекеевпен кездесу өтті.

Серікбай Бисекеев 2012 жылдың қорытындысы бойынша Ресейдің үздік кәсіпкері болып танылып, Ernst & Young ұйымдастырған кәсіпкерлік саласындағы беделді халықаралық сыйлықпен марапатталды. Ол – тек Ресейде ғана емес, бүкіл әлемде бәсекеге қабілетті танымал жоғары технологиялы өнім шығаратын ірі корпорация құрған азамат.

Кездесуге барлық факультеттің студенттері қатысты. Олар С. Бисекеевтің «Жетістік жолы» атты дәрісін тыңдап, өз сұрақтарын қоя отырып, тұшымды жауап алды. Студент бола тұра, жастар бастаушы кәсіпкер екендіктерін танытты. «Мен жастарға қолжетімді білімді барынша ұтымды пайдалануға шақырамын, білімді адам ешқашан жұмыссыз қалмайды. Өз идеяларыңды іске асыру жолдарын ойлап, жоспармен жұмыс істесеңдер, алар асу әлі алда», – деді жастарға С. Бисекеев. Кездесу әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстанның жас кәсіпкерлері қауымдастығының ұйымдастыруымен өткізілді.

Еңлік АҚЖІГТ

(Продолжение. Начало на 1-стр.)

## Соответствовать европейским стандартам

«КазНУ имени аль-Фараби принимает активное участие в реализации проекта QUEESA. Его целью является создание национальных обществ инженерного образования в Центрально-азиатских странах на основе опыта казахстанских коллег. Также предполагается создание федерации инженерного образования Центральной Азии и национальных центров аккредитации программ. В последующем будут сформированы центры сертификации квалификации инженеров. Документ с европейским лейблом откроет его обладателям широкие возможности для трудоустройства», – заявил президент международной федерации обществ

инженерного образования Хосе Карлос Квадрадо.

В работе форума приняли участие представители более 30-ти зарубежных вузов США, Великобритании, Италии, Германии, Португалии, России, Узбекистана, Кыргызстана, а также Европейской сети по аккредитации инженерных программ (ENAE), Международной федерации обществ инженерного образования (IFEES), Европейского общества инженерного образования (SEFI), Итальянского агентства по аккредитации инженерных программ (QUACING), Ассоциации инженерного образования России (АИОР).

Соб. корр.

## Есте қалар студенттік олимпиада

Жақында Түркістан қаласында дінтану және теология пәнінен V республикалық студенттік олимпиада өтті. Бұл додаға ҚазҰУ-дан 2 команда қатысты.

Ішкі олимпиададан озып шыққан 6 студент 2 командаға бөлініп, әрқайсысы өзінің ғылыми жобаларын дайындады. Бірінші команда «Дәстүрлі емес діни бірлестіктерден зардап шеккендерге реабилитациялық көмек көрсету орталығын ашу» жобасын қорғаса, екінші команда «Қазақстандағы мормонизм» тақырыбын тандап алды. ҚазҰУ студенттерін олимпиадаға дінтану және мәдениеттану кафедрасының оқытушысы Ұлжан Тунгатов бастап барды. Жарыс 3 айналымнан тұрды: I айналым

ғылыми жоба сайысы, II айналым тесттік тапсырмалар сайысы, III айналым жазбаша тапсырма. Тартысты өткен байқау қорытындысы бойынша ҚазҰУ студенттері Е. Әскенұлы, Ж. Қонысбаев, Н. Ниязовтардан құралған команда жүлделі 2 орынға ие болды. Сондай-ақ олимпиададағы жеке сынақ қорытындысы бойынша дінтану мамандығының 2-курс студенті Жомарт Қонысбаев 2-дәрежелі дипломмен, дінтану мамандығының 2-курс студенті Сұлтан Абдрахманов 3-дәрежелі дипломмен марапатталды. Сөйтіп, ҚазҰУ 2013 жылғы олимпиададан жүлделі 2-орынды иеленді.

Елнұр ӘСКЕНҰЛЫ,  
философия және саясаттану  
факультетінің 2-курс студенті

Апта сайынғы ректорат мәжілісінде университет өміріндегі аса маңызды сұрақтар қаралып, қызу талқылауға түсетіні белгілі. Тарихи шешімдер қабылданып, мәртебені асқақтатқан мерейлі сәттердің де аз болмайтыны анық. 8 сәуірдегі ректорат мәжілісінде де кезекті бірқатар мәселелер көтеріліп, көпшілік назарына ұсынылды.

## Мақсат – айқын, қадам – нық

Алдымен, ғылыми инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілекқабұл Рамазановтың философия докторы PhD ғылыми дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңестердің құрамын бекіту туралы хабарламасы тыңдалды. Кеңес мүшелері қатаң іріктеуден өтіп, лайықтылары таңдалынған. Жиында әр факультетте жұмыс атқаратын кеңес құрамы таныстырылып, мүшелерінің есімі жарияланды. Жақында ғана ҚР Білім және ғылым министрлігінде ҚазҰУ-дың негізгі оқу жоспары жайында баяндама оқып, жоғары бағалау, жылы лебіз алып қайтқан проректор кеңес жұмысына сәттілік тіледі. Әлемдік және Назарбаев университетінің тәжіри-

белеріне көңіл қойып, өзіндік бірегей оқу жоспарын қабылдаған ұлттық университеттің мақсаты айқын, қадамы нық.

Оның жарқын дәлелі аккредитациялау, рейтинг және сапаны басқару орталығының директоры Гүлшарат Салауатқызының хабарламасында айтылған Еуропалық Одақтың Темпус QUEESA “Орта Азиядағы инженерлік білім беру сапасы” жобасы аясында өткен 1-ші форумның қорытындысы болды. Форумның көңіл қуантарлық жоғары деңгейі мен нәтижесі ректорат мүшелерін жігерлендіре түсіп, белесті биіктерге жетелегендей әсер қалдырды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

## БІЛІМ ЖАРЫСЫ

«Шығыстану» мамандығы бойынша студенттердің біліктіліктерін анықтайтын республикалық олимпиадаға республика ЖОО-ларынан 1-2-3-курс студенттері қатысты.

Бабы мен бағы қатар шапқан сайыста факультет студенттері өздерінің білім деңгейлерінің жоғары екенін дәлелдеді. Қытай бөлімінің 3-курс студенттері Ә. Зетова бірінші, М. Чурсин екінші, А. Кенжеболат үшінші орынды иеленді; корей бөлімінің 3-курс студенті Ж. Қайрат бірінші, 1-курс студенті А. Бейсенбаева екінші, А. Жәнібек үшінші орын алды; жапон бөлімінің 3-курс студенттері И. Сейітқалиева бірінші, А. Абасова екінші, А. Жанұзақов үшінші орынға ие болды. Араб бөлімі бойынша I орынды «Еуразия» ұлттық факультетінің студенттері Б. Ашинова бен А. Қабылханова алды.

Болашақта аталған білім жарысын Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей және т.б. шығыс тілдерін оқытатын мемлекеттерден де студенттер келіп қатысатын іс-шараға айналдырсақ, университетіміздің имиджі одан әрі шарықтай түсер еді деп ойлаймын.

М. САЛҚЫНБАЕВ,  
арабтану және ирантану кафедрасының доценті

## ЖҮЙРІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

«Тарих» мамандығы бойынша республикалық студенттік пәндік олимпиадаға республикамыздың әр аймағынан 8 команда қатысты.

Атап айтсақ: Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Бейбарыс» құрама командасы (1-2-курс), әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың – «Хан» (2-курс), «Әл-Фараби» (2-курс), «Алаш арландары» (2-курс), «Фемида» (1-курс) командалары, Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінен «Легионеры КарГУ» құрама командасы (1-3-курс), Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Самрұқ» командасы (1-курс), Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінен «Ордабасы» командасы (2-курс), қатысты. Олимпиадаға қатысқан студенттер саны – 40.

Олимпиада үш турдан тұрды. Бірінші турда командалар Қазақстан тарихы және жалпы тарих пәндері бойынша тест тапсырды. Екінші турда әр топ өз командаларын таныстырып, өз

командалары және университеттері ралы түсірген роликтерін көрсетті.

Үшінші турда студенттер жаңа инновациялық технологияларды пайдалана отырып, «Тарихи тұлғалардың тарихи ойлары» тақырыбындағы жобалық жұмыстың презентациясын ұсынды.

Олимпиаданың қорытынды нәтижесінде тарих мамандығы бойынша I-орынды «Легионеры КарГУ» командасы, II орынды «Ордабасы» мен «Бейбарыс» командалары иеленді. III-орынды «Хан», «Әл-Фараби», «Алаш арландары» командалары алды. Орын алған жеңімпаздар ҚР Білім және ғылым министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломымен марапатталды.

Н.К. АЛПЫСБАЕВА,  
дүниежүзі тарихы, тарихнама және  
деректану кафедрасының  
доценті, т.ғ.к;  
Г.Е. АБИКЕНОВА,  
Қазақстан тарихы кафедрасының  
доценті, т.ғ.к.

В КазНУ состоялась встреча Председателя Сената Парламента РК  
Кайрата Мами с коллективом университета

## «Жерге орналастыру» мамандығына арналған мерекелік кеш

Жуырда география және табиғатты пайдалану факультетінің №4 студенттер үйінде «География, жерге орналастыру және кадастр» кафедрасының «Жерге орналастыру» мамандығына арналған мерекелік кеш өтті.

«Жерге орналастыру» мамандығы 2010 жылы ашылған кафедралық мамандықтың бірі болса да қоғамға өте қажетті, заманауи әрі болашағы зор. Бұл мамандық бойынша қазіргі таңда география және табиғатты пайдалану факультетінде жүздеген білікті маман даярлануда.

Университетіміздегі 2011 жылдың қыркүйегінен бері жүргізіліп жатқан жіктелік өзгерістерге байланысты география және табиғатты пайдалану факультетінде физикалық география, геоморфология, экономикалық, әлеуметтік және саяси география кафедраларының мамандықтарын біріктіру негізінде жаңа география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасы құрылды.

Жалпы, кеште «Жерге орналастыру» мамандығының студенттеріне оқуды аяқтағаннан кейін «ГИСХАГИ», «Жер қатынастары мемлекеттік мекемесі», «ҚазГеоКарт» және басқа да кәсіпорындарда жұмыс атқара алатындығы туралы мәліметтер берілді. Сондай-ақ «Балбырауын» күйі шертіліп, басқа да өндер шырқалды. Факультетіміздегі студенттердің қызықты өмірі жайлы видеоролик (бейнебаян) көрсетіліп, ұстаздарымызға арналған студенттердің өздері шығарған өлең шумақтары кештің сәнін келтірді.

**Айсара СЕРҒАЛИҚЫЗЫ,**  
география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасы «География» мамандығының 2-курс студенті

## Іскерлік ойындардың игі әсері

Соңғы уақыттарда «Азаматтық іс жүргізу құқығы» пәнін жүргізуде іскерлік ойындар кеңінен қолданылуда.

Студенттік топтарда іскерлік ойындарды өткізу әртүрлі мақсаттарды алға қояды, оның ең маңыздысы – студенттердің кәсіби дайындығын арттыру. Бір жағынан, іскерлік ойындар студенттердің тек қана азаматтық іс жүргізу құқығын ғана емес, сонымен қатар материалдық (азаматтық, отбасылық, еңбек) құқықтарды да терең оқып үйренуге қызығушылығын арттырады, теориялық құқықтық саланың практикалық маңыздылығын түсінуге көмектеседі, мықты теориялық азаматтық істерді қарау мен шешу кезінде пайда болған әртүрлі қиын жағдайлары тез бағдарлай білуге, нақты құқықтық сұрақтарға жауап беру қиын екендігін өз тәжірибесінде көруге жәрдемдеседі. Екінші жағынан, іскерлік ойындар тәжірибеге жақын шарттар мен жағдайларда өткізіледі. Себебі студенттердің өздері ойынға қатысушылар болып табылады, сондықтан оқу уақыты кезінде көрнекі жағдайды көрумен қатар, олар тек қана өздері үшін емес, бүкіл ойынның қорытындысына да жауапкершілікте болуды үйренеді. Олар сот, адвокат, прокурор, заң консультанттарының жұмысымен танысу, болашақ мамандықтарына байланысты дағдыланумен қатар, өздерін бірінші рет «іс кезінде» сынауға мүмкіндіктері болады.

Іскерлік ойын – бұл оқытудың белсенді түрі. Мұнда барлық топтың студенттері қатысады және әрбір студентке белгілі бір «рөл» белгіленеді. Іскерлік

ойындарының ерекшелігі студенттер іске қатысты өздерінің ой-пікірлерін айтумен қатар, семинар уақытында мұғалімге сұрақ қоюға емес, өз жолдастарына ойын бойынша сұрақтар қойып үйренеді. Бұл сұрақтардың мазмұны студенттің теориялық білімінің деңгейін көрсетеді. Ал осындай жағдайда алынған дағдылар жоғары білікті маман дайындауда айтарлықтай маңызды рөл атқарады.

Іскерлік ойындар тәрбиелік мақсаттарды да қамтиды. Олар студентке өзінің болашақ мамандығына махаббатын оятуға, таңдалған мамандықтың негізгі артықшылықтары мен кемшіліктерін түсінуге көмектеседі.

Кейбір студенттер өздерін әртүрлі кейіптерде (сот, адвокат, прокурор) көріп, өздерінің қандай кәсіпке жақын екендігіне байланысты ойларын түйіндеді. Мысалы, кейбір студенттерге адвокат қызметі қызық әрі қолдарынан келетіні және сот қызметі мүлдем қолдарынан келмейтіні сияқты әртүрлі ойлар бекітілді.

Студенттердің азаматтық іс жүргізу құқығы пәнінде тәжірибелік сағаттардың болуы немесе азаматтық іс жүргізумен тікелей байланысты тұлғалардан дәріс алуы олардың теория мен тәжірибені бірдей алып жүруіне ықпал жасайды.

**С.К.АТАХАНОВА,**  
азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасының м.а. профессоры

Замана талабына сәйкес мамандар даярлауды жүзеге асыру мақсатында «Есеп және аудит» кафедрасы және ҚР Аудиторлар палатасы мен сертифицирталған бухгалтерлердің Еуропалық кеңесінің арасында үш жақты келісім жасалынып, нарыққа шығатын түлектерге деген сұранысты жоғарылату шаралары жүзеге асырылуда.

## БІЛІКТІЛІК – заман талабы

Бухгалтерлерге қойылатын негізгі талап – кәсіби біліктілігін дәлелдеу. Бұл жөнінде міндеттеме «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жөніндегі» ҚР заңында алғаш 2007 жылы аталған болатын. Ал 2012 жылы 14 желтоқсандағы ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясында осыған қол жеткізудің жолы анықталғандай. Стратегияға сәйкес біліктілікті қалыптастырудың негізгі жолы білім беру мен кәсіби машықтандырылуды қатар жолға қою деп көрсетілген. Алдымызға қойылған осы мәселелерді шешу мақсатында бухгалтер мамандарының кәсіби біліктілігін дәлелдейтін құжаттарды алуға мүмкіндік беретін бірнеше сертифицирлау жүйелері жұмыс істейді. Солардың бірін «СІРАЕН» корпорациясы ұсынып отыр, алғашқы сатысында САР – сертифицирталған кәсіпқой бухгалтер, ал екінші сатысында СІРА – халықаралық дәрежедегі кәсіпқой бухгалтер біліктілігін алуға болады. Мұндай сертификат иегерлері үшін өзара есепке алу жолы ұсынылған, осыған сәйкес бұл сертификаттың біліктілік ем-

тихандарын «Қазақстан Республикасының аудиторы» куәлігін иелену үшін де есепке алуға рұқсат етілген.

«Есеп және аудит» кафедрасы соңғы екі жыл көлемінде САР бағдарламасы аясындағы тапсырылатын емтихандардың «Қаржылық есеп 1», «Басқару есебі 1» курстарына қазақ және орыс тілдерінде дайындық жүргізуде. Оның қорытындысында «СІРАЕН» корпорациясы 2013 жылдың 31 наурызында кезекті емтиханды «Қаржылық есеп 1» курсы бойынша қабылдады. Емтихан тапсыруға білім алушы 3 және 2-курстардан 11 студент ықылас білдірді. Емтихан нәтижесінің 10 апта көлемінде белгілі болатындығы да осы емтихандардың қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді. Біз өз тарапымыздан осы студенттерге үлкен табыс тілейміз, осы студенттердің біліктілігі жоғары кәсіби мамандар қатарын толықтыратындықтарына сеніміміз мол.

**А.З. АРЫСТАМБАЕВА,**  
есеп және аудит кафедрасының аға оқытушысы

В целях создания ассоциации Работодателей и привлечения внимания работодателей к актуальной проблеме трудоустройства студентов по специальности «Рыбное хозяйство и промышленное рыболовство» на кафедре биоразнообразия и биоресурсов факультета Биологии и биотехнологии была организована встреча специалистов в области Рыбного хозяйства со студентами выпускных курсов.

## СОСТОЯЛАСЬ ВСТРЕЧА СТУДЕНТОВ С РАБОТОДАТЕЛЯМИ

К встрече были приглашены директора производственных предприятий и научно-исследовательских институтов. В данной встрече активно принимали участие директор крестьянского хозяйства «Аквакультура» Гибадуллин Фарид Фатымович, директор ТОО «Чиликское прудовое хозяйство» Ахметов Асхат Еркинович, директор научно-исследовательского института Гидробиологии и Экологии Баймуканов Миргалий Тулеугалиевич, старший научный сотрудник лаборатории «Ихтиологии» ТОО «КазНИИРХ» Данык Елена Константиновна и научный сотрудник этой лаборатории Баракбаев Тынысбек.

Приглашенные работодатели рассказали студентам о направлениях научных исследований, производстве, новых направлениях аквакультуры, проблемах нехватки квалифицированных специалистов, были перечислены области рыбохозяйственной науки, где можно будущим специалистам-выпускникам самореализоваться и развивать науку. Работодатели убедительно рассказывали об актуальности ры-

бохозяйственной науки как отрасли аграрной науки и о проблемах, которые нуждаются в скорых решениях, было подчеркнуто, что данная специальность в скором будущем будет остро нуждаться в квалифицированных специалистах, в связи с новыми поставленными задачами Президента в Стратегии развития «Казахстан-2050».

На встрече с работодателями также обсуждались темы по элективным дисциплинам от работодателей, темы для выполнения дипломных работ по заказу работодателей, базы практики для прохождения профессиональных практик студентами. В результате этой встречи было принято решение о создании Ассоциации Работодателей по специальности «Рыбное хозяйство и промышленное рыболовство», рекомендованы перечень элективных курсов от работодателей, о ежегодной организации встречи студентов с работодателями.

**Г.Б. КЕГЕНОВА,**  
**Э.Б. КОЖАБАЕВА,**  
старшие преподаватели кафедры

В КазНУ с лекцией выступил секретарь Высшего совета Национальной безопасности Ирана Саид Джалили

# Қазақстандық арабтану ғылымының кемелді шағы

Төл университетімнің түлегі әрі қатардағы оқытушысы ретінде өткенге зер салып қарасам, осы қасиетті қара шаңырақта жүргеніме аттай 35 жыл болыпты. Мен студент аталғанда 1978 жыл еді. Бәрі есімде.

Қабылдау емтиханы біткеннен кейін конкурсқа қатысып, университет ректоры Өмірбек Арыстанұлы Жолдасбековтің алдынан өтіп, студент атандым. Ол күн менің шынымен ең шуақты күнім болды, студент атанып, сыртқа шыққанымда айналам жап-жарық, күн сәулелері ерекше нұрлы, Алматының көшелері гүлге оранып құлпырып тұрды. Алыстан арман арқалап келген маған бұл қала мен университет ректорына әлемде ештеңе тең келмейтін сұлу болып көрінді.

Қыркүйектің 1-іне бірінші курс студенттерінің алғашқы лекциясына жиналды. Оны «актовая лекция» дейді екен. Зейнолла Қабдолов ағамыздың алғашқы дәрісін тыңдадық. Қазір сол дәстүр тоқтап қалды. Әр факультеттің өз ақсақалы бар, университетке еңбегі сіңген талай ғалым-ұстаздар бар. Оқуға жаңа түскен жастар «Білім» күні сондай абзал жандардың ұлағатын тыңдайтын болса, тәрбиелік мәні болар еді деп ойлаймын. Мысалы, шығыстану факультетіне келген студентке Әбсаттар Дербісәлі дәрісінің тағылымы мол болар еді. Тарихшылар үшін Уахит Шалекеновтің, филологтар үшін Тұсынбек Кәкішов ағамыздың дәрістері бір тарих емес пе!!!

Сол 1978 жылдың 1-қыркүйегінде Зейнолла Қабдолов ағамыздан кейін есімде қалғаны – Әбсаттар ағаның сөздері болды. Арада 35 жыл өтсе де, құлағымда әлі тұр... 1-курсқа түскен студенттерді Алматының маңындағы

алма бақтарының біріне 1 айға жұмысқа алып кетіп, сабағымыз қазан айында басталды. Сол бір мамыражай жақсы күні естіген сөзім: «Сіздер бүгіннен бастап араб тілін оқитын боласыздар. Араб тілінің біздің халқымыз үшін орны ерекше, себебі біздің сан ғасырлық тарихымыздың алтын беттері осы араб жазуымен жазылған. Олар мұрағаттарда, шетелдердің үлкен кітапханаларында тоңы бұзылмай жатыр. Соларды қолдарыңызға алып, шаңын қағып-қағып жіберіп, оқитын боласыздар!» – деп, екі қолын шапалақтап қағып-қағып жібергенде, жастық албырттықтан болар, менің көзіме алдымда тұрған ағайдың қолынан шынымен де шаң бұрқ еткендей елестеп кетті. Әбсаттар ағаның сол сөзі шындыққа айналды. Осыдан 35 жыл бұрын алдымызда тұрып, алғаш бағыт берген ағамыздың алдында дәріс тыңдаған шәкірттері, ұстазымыздың шәкірттерінің шәкірттері тарих тоңын бұзып, көмбелерін ақтарып, қазақстандық ғылымға талай үлес қосты.

Арабтану ғылымының жалпы жасы біршама болса да, қазақстандық арабтану ғылымы сол 70 жылдардың соңынан басталады деп сеніммен айта аламын. Қазақстандық арабтану ғылымының тарихы 1977 жылы ашылған араб бөлімінен бастау алады. Араб бөлімінің алғашқы ұстаздары Әбсаттар Дербісәлі, Мәрзия Мәженова, Гүлжан Рамазанова, Гүлнар Надированың

шәкірттері еліміздің білім және ғылым саласында еселі еңбек етіп жүр.

Қазақстандық арабтану ғылымы бүгінде 4 бағытта дамып келеді, олар: филология, тарих, философия және юриспруденция. Әсіресе филология саласында өнімді еңбектер жазылды. Филология ғылымдарының докторы Ш.Керім, Б.Жұбатова, Ж.Есеналиева, Р.Досжан, С.Мұрат, С.Боранбаев, С.Төлеубаева (Болатова), филология ғылымдарының кандидаттары А.Ахметбекова, Ұ.Алжанбаева, Ш.Қалиева, М.Мамаева, Д.Есенжан, Д.Көптілеуова, М.Салқынбаев, Ж.Сейтметова, А.Жиекбаева, Ф.Жұмажанова, Г.Бүркітбай, П.Әуесбаева, А.Тұрғанбаев, Н.Машқан, З.Алпамысова, т.б. арабтанушылар осыдан 35 жыл бұрын айтылған сөзді шындыққа айналдырды. Аты аталғандардан бүгінде Б.Жұбатова қазақ білімінің көсбасшысы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шығыстану факультетінің деканы, Ш.Керім-«Нұр» египет-қазақстан университетінің проректоры, Сабыр Мұрат-Батыс Қазақстан гуманитарлық университетінің проректоры, Самал Төлеубаева (Болатова) Гумилев атындағы Еуразия университетінде кафедра меңгерушісі, С.Боранбаев – Батыс Қазақстан университетінде кафедра меңгерушісі. Филология ғылымдарының кандидаты Асқар Тұрғанбай ТҮРКСОЙ-дағы Қазақстан мәдениет министрлігінің өкілі.

Арабтанушылар тарих, философия және заң саласы бойынша да өз орындарын таба білді. Түркістанда З.Жандарбеков талай тарихшының тісі батпай жүрген тақырыпты зерттеп, Әбсаттар аға айтқан тоңның жігін бұзды. Арабтану бөлімін бітірген түлектеріміз Б.Ақтауловамен бір кафедрада қызмет атқарамын, Қ.Жүніс – түркітану және үндітану кафедрасында доцент. Тарих саласында қорғаған арабтанушы PhD докторлар Қ.Төлегенов, Р.Алпысбаевтар да біздің түлектер. Рустам Алпысбаев – Алматы облысы жастар саясатының көсбасшысы. Философия бойынша қазақстандық ғылымға үлес қосқан түлектеріміз қос доктор А.Қабылова, А.Құрманалиеваны мақтан тұтамыз. Бұл салада да арабтанушы кандидат филологтардың үлкен шоғыры пайда болды.

Заң саласында Ғаппар Тастанов пен Несібелі Қалқаева ғылым кандидаты дәрежесін алған.

Қазақстандық арабтану мектебі қалыптасып, кемеліне келген шақ. Туған топырақтан нәр алып, туған университетімізден білім алған арабтанушылардың қатары көбейіп келеді және алар асулары да биіктей береді. Сол биіктерге сапалы білім, салқалы оймен жететіне сенімдімін.

**Бәтеш АТАБАЙ,**  
арабтану және  
урантану кафедрасының  
доценті

## ТАРИХШЫЛАР ДІН МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Қазіргі заманда діни сананың жаңғыруы бүкіл әлемді қамтып отырған факт қана емес, қоғамдық дамудың кескін-келбетін де айқындап отыр. Әлемде орын алып отырған діни ренессанс Қазақстан жерін де қамтуда. Тәуелсіздікке қол жетісімен дәстүрлі дінді жаңғыртудың жалпы жағымды үдерісінің аясында жатжерлік діни ағымдардың ел ішіне еніп, қоғамда алаңдатарлықтай діни ахуал қалыптастырғаны белгілі.

Осы тақырып жуырда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінде «Қазіргі қоғамдағы ислам факторы» деген тақырыпта өткізілген дөңгелек үстелге арқау болды.

Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы ұйымдастырған бұл игі іс-шараға факультеттің алдыңғы қатарлы мамандары, жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар, студенттер қатысты.

Аталмыш шарада бүгінде болашақта ел тізгінін ұстар, ел болашағы - өскелең ұрпаққа исламның тек діни дүниетаным

ғана емес, ол өмірдің тәртібі, белсенді өмір сүрудің, басқа дін өкілдерімен толерантты бейбіт қатар өмір сүрудің мәдениеті екені, Батыстың бұқаралық тұтынушылық мәдени тегеурініне қарсы тұруға қабілетті исламды сыртқы формалды түрде ғана емес, оның рухы мен ішкі мәнін түсіне ұстанған жағдайда, ол көркем мінезді тұлға, адал азамат, салауатты отбасы, ізгі қоғам қалыптастыруға оң әсерін тигізетіні айтылды. Сондықтан терроризм мен экстремизм сияқты жат қылықтарды қабылдамауды насихаттау, дәстүрлі дін, имандылық жолдары туралы мәлімет бере отырып, егеменді еліміздің рухани табанды патриотын тәрбиелеу, сондай-ақ ұлтаралық өзара татулық пен сүйіспеншілікке баулуды мақсат еткен аталған игі іс-шараның маңызы зор.

**Г. КӨКЕБАЕВА,**  
дүние жүзі тарихы, тарихнама және  
деректану кафедрасының  
профессоры;  
**Е. ҚАРТАБАЕВА,**  
кафедра доценті;  
**А. САДЫҚОВА,**  
кафедра докторанты

Күні кеше халықаралық қатынастар факультетінде Алматы қаласы бойынша Әділет департаментінің жетекші мамандарымен кездесу өтті. Бұл кездесуге түрткі болған мәселе Қазақстан Республикасының отбасылық және неке құру заңнамасы бойынша туындайтын сауалдар болды.

## Біз бақытты отбасын қолдаймыз!

Алматы қаласы бойынша Әділет департаментінің жұмыс тәжірибиесіне жүгінсек, қала тұрғындарының сауалдарының басым көпшілігі отбасылық және неке құру заңнамасы аясында болады, себебі нәрестенің дүниеге келуі, оны тіркеу, некені тіркеу және бұзу, бала асырап алу мәселелері адам өмірімен тікелей байланысты.

Осы кездесу аясында Алматы қаласы бойынша Әділет департаменті шығаратын «Ақ-Бата» атты жаңа электронды журнал ұсынылды.

Біздің қонақтарымыздың анықтама-сы бойынша осы көпсалалы «Ақ-Бата» журналы бұқаралық ақпарат құралы болып табылады және ол жас отбасылар мен жастарға бағытталған.

Айына бір мәрте мемлекеттік және орыс тілінде «Бәрі жас отбасы мен үйлену тойы үшін» деген тақырыппен жарық көретін журналдың ерекшелігі бұл құқықтық ақпаратты алумен қатар ҚР ӘМ және Алматы қаласы бойынша Әділет департаментінің ресми сайттарына кіру және тіркелу, сондай-

ақ әділет департаменті жетекшілерінің ресми блогына кіріп азаматтардың шағыну мүмкіндігі мен жергілікті АХА органдарының қызметіне баға беру.

Әділет департаменті қызметкерлері осындай жұмыстың енгізілуіне көп үміт артуда, бұл ӘМ-нің жергілікті органдарға жүктеген негізгі жұмыстарын іске асырады, себебі азаматтар қызығушылық танытатын сауалдарға қол жетімді болады, кезекте тұру мерзімі жойылады, азаматтарға қызмет көрсету деңгейі артады және азамат тікелей қызметшімен қатыспағандықтан АХАТ жүйесіндегі парақорлыққа тыйым салынады.

Факультет студенттері де аталған мәселеге өз тараптарынан аса қызығушылық танытты, себебі біздің факультетте студент жастар арасында жаңа отбасы құрылды және бүлдіршіндер дүниеге келді!

**Айнұр НАДИРОВА,**  
халықаралық қарым-қатынастар  
факультеті, халықаралық құқық  
кафедрасының доценті

11 сәуірде «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында Қазақстанның халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовпен кездесу өтеді

Прошло 50 лет со дня выпуска «шестидесятников» биолого-почвенного факультета КазГУ, которые поступили на первый курс в 1958 году и окончили полный курс обучения в 1963 году. Но до сих пор они не теряют связи с университетом, чтят и помнят его традиции, благодарят своих педагогов. В канун 80-летнего юбилея университета хроника студенческих событий тех лет, несомненно, дополнит историю становления КазГУ как самого главного вуза Казахстана.



## Наши выпускники

«Это было недавно, это было давно...» вспоминает выпускница биолого-почвенного факультета КазГУ 1963 года, к.б.н. Рамзия Азимуратова:

«Первые и самые главные слова благодарности нашим учителям с их энциклопедическими знаниями и большим опытом педагогической работы. Незабываемы лекции профессоров: Б.А.Домбровского по сравнительной анатомии, Н.З.Хусаиновой по общей зоологии, Н.Л.Удольской по общей генетике, М.Ф.Авазбакиевой по физиологии человека и животных, С.Р.Шварцман по ботанике низших растений, А.М.Дурасова по почвоведению, академика Т.Б.Дарканбаева по биохимии растений. Общее напутствие в биологию дал профессор В.И.Фурсов – широко известный воин-защитник легендарной Брестской крепости. Трудно переоценить роль любимого всеми декана Фазыла Халиловича Халилова в формировании нашего мировоззрения и понимания общечеловеческих ценностей.

Наша студенческая жизнь была тесно связана с поднятием целинных земель в Казахстане. Все годы учебы мы начинали с поездки на целину Павлодарской, Кокчетавской, Акмолинской областей. Поездка в товарных составах, жите с полным отсутствием бытовых условий на местах не огорчали нас, а наоборот, воодушевляли, так как мы работали на благо своей Родины. По праву считаем себя первоцелинниками, о наших трудовых подвигах в Акмолинской области писали даже в газете «Есильская правда» от 9 сентября 1960 г. и мы были удостоены наград и похвальных грамот.

Нам посчастливилось жить во времена великих достижений в науке и перемен в обществе. Незабываем апрель 1961 года. Во время лекции по физике преподаватель А.А.Соколов неожиданно воскликнул: «Наш человек в космосе!». Все дружно сбежали с лекции на площадь к

оперному театру им.Абая, где народ скандировал: «Ура! Юрий Гагарин в космосе!».

Время оттепели в политической жизни – и мы все с большим удовольствием читаем стихи и поем песни «разрешенных» поэтов-бардов: Б.Окуджавы, А.Вознесенского, Р.Рождественского, Б.Ахмадуллиной и Е.Евтушенко.

Сейчас мало кто помнит, что в начале 60-х годов при КазГУ на базе Алма-атинского завода тяжелого машиностроения (АЗТМ) была открыта сменная школа рабочей молодежи. Мне довелось вести уроки биологии в этой школе, и это был мой первый учительский опыт. Рабочих учили студенты! И об эффективности данной модели писали даже на страницах «Учительской газеты».

Мы так были увлечены биологией, стремились к знаниям, все время пропадали в лабораториях! Выпускниками нашего курса защищены 3 докторских диссертации, 16 кандидатских диссертаций. На биологическом факультете КазГУ до сих пор преподает наш сокурсник, профессор В.М.Инюшин, который основал биофизическую школу Казахстана. Также на биофаке трудились к.б.н. А.А.Баимбетов и к.б.н. Р.Х.Махмудова, оба высококвалифицированные специалисты в области гидробиологии.

Наши сокурсники внесли достойный вклад в становление ряда отраслей академической науки в Казахстане. В Институте зоологии до сих пор трудится д.б.н., крупный специалист по энтомологии В.Л.Казенас. Здесь же работали к.б.н. Т.С.Стуге и К.С.Галиева. В Институте микробиологии АН КазССР, затем в Институте почвоведения успешно трудился д.б.н. Ш.З.Мамилов – один из основателей почвенной микробиологии в Казахстане. Здесь же начиналась научная карьера к.б.н. П.Б.Энкера – специалиста по разработке микробиологических методов очистки сточных промышленных вод. В Институте молекулярной биологии и биохимии

им. М.А.Айтхожина работала к.б.н. Р.Ж.Азимуратова. Внедрению эффективных методов сельскохозяйственной иммунологии до сих пор отдает к.б.н. В.Л.Зайцев. Кандидаты наук А.Усачев, М.Куспанов, А.Есимбетов, С.Еримбетов внесли большой вклад в развитие отечественного почвоведения и агрохимии, а Б.Расин, Ю.Савелов и Б.Черкашин - паразитологии. Многие наши сокурсники стали прекрасными педагогами: Т.Ф.Инюшина и Л.В.Чевардина и лидерами профсоюзного движения страны: М.Омарова и Д.Чорманова.

Благодаря многолетним экспедиционным изысканиям наших сокурсников-специалистов КазГипрозема: Е.Ушурова, О.Дегтяревой, А.Юсупжановой, Л.Крыловой, Н.Величко, Э.Маяковой, составлялись эффективные карты пастбищ и сенокосов на обширной территории Казахстана, что способствовало улучшению пастбищного животноводства страны. В 1960-ые годы в Казахстане зарождались отраслевые НИИ для нужд сельского хозяйства, металлургической промышленности и медицины, создавались отраслевые специализированные лаборатории, куда были приглашены и активно трудились наши сокурсники: к.б.н. П.Б.Энкер, Х.Лянова, к.с.-х.н. А.Есимбетов, К.С.Галиева, М.Бекешева.

Наши достижения в работе, общий позитивный настрой в жизни – все это было заложено в нашей студенческой молодости нашими учителями и любимым биофаком. Ведь мы не напрасно пели в те годы: «В КазГУ – это факт, самый лучший – биофак!».

Желаем студентам-читателям прекрасной газеты «Казак университеті» найти свою твердую колею в жизни, обрести нужную профессию и стать востребованными специалистами во благо Казахстана! Своих сокурсников поздравляю с 50-летней Юбилейной встречей и желаю больших успехов нашей любимой ALMA MATER!»

## «Жатақхана көшбасшысы – 2013»

Жуырда География және табиғатты пайдалану факультетінің №4 студенттер үйінде Студенттер кеңесінің ұйымдастыруымен «Жатақхана көшбасшысы – 2013» тақырыбында интеллектуалдық сайыс өтті.

Сайысқа қатысушы 1 және 2-курс студенттері жатақхана тұрғындарының арасынан іріктелініп алынды. География саласын жетік білу басты талабы қойылған жарыс барысында қатысушылар Қазақстан мен Әлем географиясынан қойылған сұрақтарға жауап берді. 1-орын туризм мамандығының 2-курс студенті Нұрсұлтан Сансызбаевқа және 2-орын ғылыми география мамандығының 2-курс студенті Есенжол Каримовке берілді, ал «Жатақхана көшбасшысы 2013» атағына ие болған туризм мамандығының 2-курс студенті Бахтияр Темірғалиев болды.

Сайыскерлерді қолдауға келген студенттер де жарысқа белсенді түрде ат салысып отырды. Сайысты тамшалауға факультетіміздің ұстаздар ұжымы да шақырылды. Әділ қазы алқаларының құрамында болған Картография және геоинформатика кафедрасының аға оқытушысы Р.О.Турапова: «Мұндай жарыстар тек қана студенттер үйі шеңберінде ғана емес, жалпы факультет деңгейінде өткізілсе және сайысқа факультетімізде бар мамандықтардың барлығы қатысса», – деген ой айтты.

«Жатақхана көшбасшысы 2013» интеллектуалдық сайысын жыл сайын өтетін дәстүрлі шараға айналдырсақ», - дейді жарысты ұйымдастырушы студенттер кеңесінің мүшелері. Біз де осындай игі бастамаларды әрқашан қолдауға дайын екенімізді айта кеттік.

**К.Ж. ӘБДІБАЙ,**

геодезия және картография мамандығының 2-курс студенті,  
«Surveyor» геодезисттер клубының мүшесі

## ҚазҰУ-дың патриот жатақханасы анықталды

Жақында физика-техникалық факультетінің «Атамекен патриоттары» клубының ұйымдастыруымен рухани-патриоттық бағыттағы топаралық сайыс өткізілді. ҚазҰУ-дың жатақханалары арасында ұйымдастырылған бұл сайысқа өздерін туған елінің нағыз патриоттары санайтын белсенді студенттер қатысты. Сайыскерлер өз тобының ұраны мен айшығын таныстырып, жоғары деңгейдегі өнерлерін көрсетті, ұмытылған немесе ұмытылуға жақын ұлттық дәстүрлерді қайта жаңғыртып, тарихтың алтын парактарын ақтарды. Жеңімпаз топты анықтау кезінде топ мүшелерінің сөйлеу мәнері, сахнада өзін-өзі ұстауы және киім кию мәдениеті ескерілді.

Елін, жерін қорғай білетін жалынды патриот жастарды тәрбиелеу бүгінгі басты мәселесі екендігін сайыс барысы тағы бір мәрте дәлелденді. Қазылар алқасының шешімі бойынша, «Үздік патриот жатақхана» атағына Философия және саясаттану факультеті №9 жатақханасының «Алаштың өрендері» тобы лайық деп танылды. Топ мүшелерінің құрамындағы белсенді студенттер – Алтынбек Рахметов, Сержан Райжан, Серік Насыров, Жансая Сидалиева, Жанерке Оспанова, Маржан Атем, Назерке Туленова факультеттің намысын қорғады. Сонымен қатар өзге топтарға түрлі бағыттағы марапат қағаздары табыс етілді.

**Альбина САРИЕВА,**

философия және саясаттану факультетінің 2-курс студенті

# Қазақтың тұңғыш романы

Қазақ қызының тағдырына алаңдап, алаш зиялыларының көш басшысы бола білген Міржақып Дулатов шығармаларының негізгі тақырыбы әйел теңсіздігі мәселесі болды. Қазақ қызын бақытсыз етіп отырған ескі түсінік пен әдет-ғұрыптың кері жақтарын сөз етіп, Жамалдың трагедиялық тағдырын баян ететін «Бақытсыз Жамал» (1910) романында автор сөз басын мынадай өлең шумақтарымен бастайды:

Көрген кім шарифаттан деген сөзді:

*«Қор етіп әйел халқын аямасын».  
Сатады қызды қазақ мал орнына.  
Алмайды халал жұпты жар орнына.  
Әйелді хайуанға қисап етіп,  
Тұтады өзін ерлер хан орнына.  
Байқашы өзің-өзің отчет беріп,  
Бақытсыз Жамал қызды оқып көріп.*

Шығарма сюжеті өмір шындығынан алынып, оқырманды ойға жетелейтін М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романын әдебиетші-ғалымдардың қазақ прозасының алғашқы жауһар қазынасы санауы бұл шығарманың аса құндылығын танытады.

Романның сюжет желісіне айналған Жамал басындағы хал-жағдай сол кезеңдегі қазақ қыздарының басым көпшілігінің тағдырын елестетеді. Бірін-бірі сүйген Жамал мен Ғали басынан кешкен тауқыметті жағдайлардан қазақ

жастарының тағдырын ғана емес, бостандыққа ұмтылған ұлтымыздың күрескерлік болмысын танимыз. Бақытты, азат болуға ұмтылған жастарға қолұшын беріп, қорған боларлық қоғамның жоқтығы, бар мәселені мал мен дүниемүлік шешетін әлеуметтік әділетсіздік тек қасіретке апаратынын жазушы өмірлік мысалмен көркем суреттеп жазған.

Роман басында мал бітсе де бала сүймеген Сәрсенбайға қырық беске келгенде кейінгі алған жас әйелі Шолпанның қыз бала туып, оның атын Жамал қойғандығы баяндалады. Сәрсенбай мен Шолпан шаңырағына қуаныш сыйлаған Жамал – романның бас кейіпкері. Жамал – сағынып көрген баланың алды болған соң, ата-анасы қолдан келгенше әлпештеп, жасы тоғызға жеткенше ер балаша киіндіріп өсіреді. Молда, мұғалімнен оқып, хат таниды. Хисса-дастандарды оқып, жатқа айтады. Өлең сөзге де, қарасөзге дес бермейтін шешен болып, әрі өз ойымен өлең шығарып айтуымен көзге түседі. Сұлу боп бойжеткен Жамал той-думанның сәні болады. «Сәрсенбайда бек көркем бір ақын қыз бар» деген сөз тарайды. Елге сөзі өтетін, дәулетті дала шонжары Байжан ақымақ баласы «таз Жұманға» Жамалды айттырады. Мал біте бастаған соң болыс болуды армандаған Сәрсенбай төңірегіндегі пысықтау адамдардың сөзінен шыға алмай Байжанмен құда

болады. Жамал кәмілетке келген соң, күйеуінің өзіне тең еместігін біліп, уайым етеді. Ішкі шерін қағазға түсіріп өлең жазып жүреді. Қызының жайын шешесі Шолпан түсінгенмен Сәрсенбайды райынан қайтара алмайды.

Романда оқиғаның өрбуіне, шиеленісе түсуіне апаратын жайт – Жамал мен Ғалидың шілдехананың тойында өнер жарыстырып, көңіл қосуы. Оқиған, инабатты жігіт Ғалиды сүйген Жамал онымен уағдаласып, бірге қашуға тәуекел етеді. Қаладағы Ғалидың танысы саудагер Фатихолланың үйін паналайды. Екі жастың қашып кеткенін білген Сәрсенбай, Байжандар құр жатпай әлім жеттілік іс-әрекетке кіріседі. Осылай тартыс шиеленісе түседі. Қаладан кетуге мәжбүр болған екі ғашық нағашысын паналайды. Алайда Ғали ауырып, көп ұзамай қайтыс болады. Тағдырына налыған Жамал басына түскен азапқа көніп таз Жұманның тепкісін көреді. Бір күндерде Жамал кәміл бақытты бір қыз болып жұрттың аузына ілігіп, құрбысының алды болып жарқылдап жүрген дәрежеден ақырында мұндай қадірсіз, кемшілікке душар болып, барымтаға түскен малдай бақытсыз күйге түседі. Сүйгенінен айырылып, қорғансыз қалған Жамал еріксіз қосылған күйеуінің қорлығы мен тепкісінен құтылмақ болып үйінен боранды күні қашып шығады. Алайда қалың боранда адасып, далада

үсіп өледі. Оқиға шешімін қайғымен аяқтаған автор қазақ өмірінде орын алған «Бақытсыз Жамалдардың» тағдырын аянышпен баяндайды.

М. Дулатов ғашықтар трагедиясы қазақ даласындағы әлеуметтік мәселе дәрежесіне көтереді. Бұл шығармада қазақ қызының көңіл қалауы мен жан айқайын ескермейтін, әйел арын аяққа басатын ескі әдет-ғұрыпқа қарсылығын байқатып, қазақ қыздарына бостандық беріп, жастардың өз еркімен жар таңдап өмір сүру қажеттігі туралы ой айтады. Міржақып Дулатов «Бақытсыз Жамал» романында Жамал бейнесі арқылы өз бақыты үшін күрескен, сол жолда мерт болған қазақ қызының образын сомдаған. Ескі күш пен жаңаның арасындағы тартысты суреттеген «Бақытсыз Жамал» романы тарихи-әлеуметтік шындықты шынайы да көркем бейнелеуімен, тақырып өзектілігімен, авторлық идеяның айқындығымен, өзінен кейінгі қазақ прозасының өркендеуіне дәстүрлі жол көрсеткен көркем дүние бола білді. Алғашқы қазақ прозасының үлгісіне айналған М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы қай кезде де ұлттық әдебиетіміздің рухани құндылығын паш етіп, оқырман санасында жаңғыра беретіні анық.

**Сәлима ҚАЛҚАБАЕВА,**  
филология ғылымдарының  
кандидаты, доцент

**М.ДУЛАТҰЛЫ**

## «БАҚЫТСЫЗ ЖАМАЛ» РОМАНЫ

*«Бақытсыз  
Жамал»*

романынан үзінді

(III бөлім, 10-бет.)

М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы - XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің бұл жанрдағы тұңғыш жетістігі, тұңғыш роман. Әдеби ортада өзінен кейінгі көтерер жүгі, мақсатты мен бағыты бір көптеген романдарға алғышарт болды. Тек көркемдік жағынан ғана емес, тіл, форма жағынан да біраз дүниелерге сара жол болғаны анық. Роман алғаш рет қазақ әйелдерінің бас бостандығының жаршысы болған туындыға айналды. 1910 жылы Қазанда басылып шыққан кітап қолдан-қолға тимей қазақ арасына тез тарап кетті. Қаламгердің қызы Г. Дулатованың «Ардақтап өтем әкемді» атты эссе естелігінде (Жұлдыз, 1990, № 6) былай дейді: «...Бұл кітабы да елге тез тарап кетті, бізге көршілес ауылдан келушілер сылтау тауып, қалап әкететін болды. Жамалдың өлеңмен баяндайтын аянышты өмірінен қыз-келіншектер өз бастарынан кешкен қайғысын, мұң зарын көрді. Романды оқығанда олар көз жастарын тыя алмай, үйілеп отыратын. Үлкендер жағы кешкі отырыстарда «Бақытсыз Жамалдың» хикаясын әңгімелесе, жастар жиын-тойларда кітаптағы өлең жырларды әнге қосып айтатын».

Роман сол кездің өзінде екі рет басылып (1910, 1914) шыққандығының өзі көп дүниені айтқандай. Сол заман, сол кездің саяси көзқарасымен қарағанда

бұндай тақырыптағы роман екі рет қатарынан басылу ел қалауы, талабы екендігі анық. Содан бері басылып келеді. Өлі басылып келеді. Оқырманын әсте жоғалтқан емес.

Енді романның көркемдік жағына ойыссақ. Романның жазылу формасы өлеңмен басталып, қара сөзбен өріледі. Осы тұста автордың ақындық қасиетін баса айтып кеткен абзал. Роман әр тұсында жаңа бір баян, жаңа сюжет желісіне ауысқанда өлең арқылы ауысып отырғанын байқаймыз. Ғалидың да, Жамалдың да аузына автор ішкі сезімін, толғанысын өлеңмен салып отырған. Мысалы, Жұманға атастырып, малға сатып жіберген ата-анасына ренжіп былай дегені бар:

*Мен қайран ата-ананың сатқанына,  
Бір тазды жалпақ елден тапқанына.  
Атама мен не жазып ем қор қылғандай,  
Болмаса бір мінезім жақтады ма? –*

деген бір ауыз өлең күллі қазақ қызының арызы іспетті. Романда баяндаудың хат үлгісін қолдануы - қазіргі прозамызда дәстүрге айналған тәсілдің бірі. Ғали мен Жамалдың бір-біріне хат жазып хабар алысып, бағыт-бағдар алысқаны бір дара мотив екендігі белгілі.

Романда автор кейіпкерлерінің болмысын портрет арқылы танытудың шебері екендігін танытады. Екі жастың қасіреті мен қайғысына себепкер болған

Байжан мен мейірімсіз әке Сәрсенбайдың портреттері, сонымен қатар Ғали мен Жамалдың портреті шебер жасалған. Біріне тоқталсақ, автор Ғалидың портретін жасауда біршама суреттеуге барады. «Бұл жігіт орта бойлы, қияпатты, азырақ бетінде қорасан дағы бар, жаңа мұрт шығып келе жатқан, сөйлеген сөзі сыпайы, әдепті, киімі ноғайшалау, Ғали есімді бір зат еді. Көлденеңнен қарап салыстырғанда бұл үйдегі жігіттердің абзалы Ғали, қыздардың абзалы Жамал секілді көрініп, екеуінің қатар отырулары бек жарасып кетті». Романда Жамал мен Ғалидың артықша болмысын әркез толықтыра суреттеп отырады. Жиын-отырыстардағы жарасымдылықтарымен қоса, өнерлерімен елді сүйсінтулері екеуінің бірін-бірі үшін жаралған жан екендіктерін паш еткендей. Көңіл қосып, жар болуға серттескен жарасымды жастарды трагедияға ұшыратқан заман әділетсіздігі мен ескілік. Жамал кешкен қасіретті, азапты жағдай талай қазақ қыздарының тағдырын көрсетті.

М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы әйел теңсіздігін көтеріп, жастар махаббатының бостандығын аңсаған көркем шығарма.

**Салтанат МИНАЙХАН,**  
филология, әдебиеттану және  
әлем тілдері факультетінің  
1-курс студенті

Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА

13-14 сәуір география және табиғатты пайдалану факультетінде ЖОО-аралық «Туризм» мамандығы бойынша студенттер олимпиадасы өтеді



«Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып күн болам...» деп Сұлтанмахмұт Торайғыров жалындаған жас шағында айтыпты. Қарап отырсақ, сол дәуірдің жастары рухтығы берік, ұлттығы мығым, ел үшін аянбайтын патриоттардан тұрған екен. Мағжан Жұмабаевтың да «Мен жастарға сенемін!» деуі соның айғағы болса керек. Жастар кез келген елде үлкен басымдыққа ие, демографиялық ахуалы жоғары, елдің мәдениетін көрсететін үлкен күш болып саналады. Сондықтан да Президентіміз Н.Назарбаевтың жастар саясатына баса көңіл бөлетіні тектен-тек емес. Білімді де мәдениетті ұрпақ тәрбиелеу елдің ертеңі үшін жасалып жатқан ізгі қадамдар екені айдан анық. Оған себеп, елдің ертеңгі тізгінін ұстайтын ұлы тұлғалар бүгінгі жастар болатыны көңілге қонады.

Бүгінгі қазақ жастарына тағылатын сын, айтылатын мәселелер жетерлік. Дегенмен жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығатын жастарымыз да жоқ емес. Солардың бірі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 3-курс студенті, университетке қарасты «Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрағасы – Айдана Сыдықова.



## АЙДАНА – ҚазҰУ студенттеріне ғана емес, қазақ жастарына үлгі

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, яғни 1992 жылы туылған кейіпкеріміз Айдана Сыдықова Алматы облысы, Жамбыл ауданында дүниеге келген екен. «Ана көрген тон пішетінін» ескерсек, кейіпкеріміз сәбилік шағынан қазақ ертегілерінен сусындап, бесік жырын тыңдап өседі. 1999 жылы аудандағы №1 Қарғалы орта мектебінің 1 сыныбының табалдырығынан аттайды. Мектепте жүрген шағында-ақ белсенділік танытып, оқушылар арасында өтілетін көптеген іс-шаралардың ұйытқысы болады. Аудандық «Жас Ұлан» оқушылар ұйымының белсенді мүшесі және мектеп президенті де болады. Оқушы кезінде әдебиетке, поэзияға қызығып өскен ақындар мен батырлар елінің қызы көптеген жыр мүшәйраларынан да шет қалмады. Әлемнің екінші ұстазы әл-Фараби бабамыздың «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген қанатты сөзің еске алсақ, Айдананың әдебиетке жақын болуы ұлттық, қазақы тәрбиені бойына сіңдіруге себепші болады. Сонымен қатар сабақты үздік оқып, мұғалімдердің көңілінен шыға біледі. 2010 жылы осы мектепті «Алтын белгімен» тәмамдап, ұстаздарының сенімінен шығып, мектептің абыройын асқақтатады.

Бүгінде Айдана әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебінің 3-курс студенті және оқу ордамыздың «Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрайымы. Университетке түскен алғашқы жылдан бастап өзінің белсенділігімен студенттер арасында танылды. Қазақылықты, ұлттық тәрбиені бойына дарытқан, жалғандықтан ада Айдана 2011 жылы Студенттер мәслихатының ұйымдастырумен өткен «Ең үздік топ старостасы» байқауының «Ең Ұлтжанды староста» номинация иегері болды. Патриоттығымен көзге көрініп, белсенділігімен университет басшылығына танылған Айдана

2012 жылы Астана қаласында өткен «Жас Отан» ЖҚ 2 съезд делегаты болып қайтады. «ISF – 2012» II Халықаралық форумының белсенді ұйымдастырушысы ретінде де Айдана көзге ілігеді. 2012 жылы Бұрабайдағы «Біз кәсіподақ көшбасшыпарымыз!» атты қыстық лагерін сәтті аяқтағаны үшін сертификатпен марапатталады. Ақпараттық кеңістікте де қоғамдық мәселелерге еркін пікір білдіріп, Республикалық басылымдарға жастарға арналған өзекті тақырыптарда 10-ға жуық мақала жазып үлгерді. Ғылым жолын да шет қоймай, әр жыл сайын өтетін «Ғылым әлемі» ғылыми конференцияларына да қатысып, жүлделі орындардан көрінеді. Биылғы ақпан айында академик, профессор «Кенжеғали Сағадиев» атындағы стипендия иегері атанды.

Бұл ретте, қыз бала бола тұра Айдананың еңбекқорлығына қарап, оның болашақта да елге үлкен пайдасы тиетінін байқаймыз. 2011-2012 жылдар аралығында Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрайымы қызметінен еңбек жолын бастайды. 2011 жылы жазғы демалыста «Мадагаскар» балалар лагерінің тәрбиешісі болады. Бала тәрбиелеу оңай емесін ескерсек, жас студент үшін бұл оңайға түспегені анық. Ал 2012 жылдың жазғы демалысында ҚазҰУ-дың Студенттік құрылыс жасағының жауынгері атанады. Бүгінде құрылыс жасағында жүріп, қара жұмыс істеу қыз бала былай тұрсын, ұлдар үшін де оңай емес. Айдананың бұл ерлігі жастарға үлгі болары анық. Наурыз айының басынан бастап, студенттердің сайлауымен Айдана ҚазҰУ-дағы «Сұңқар» Студенттер кәсіподағының төрағасы лауазымын иеленеді. Бүгінде еңбекқор төраға қызу еңбек үстінде.

Айдананың білімге ұмтылуы, елінің патриоты болуы, өзінің құқықтарын аяқ асты етпей алып жүруі өзгелерден ерекше.

Қазіргі ғасырды «іскерлер заманы» десек, Айданада іскер адамдарға тән барлық қасиеттер табылады. Мәселен, солардың бірі – келісімпаздық. Айдана кез келген адамды сөзге тартып, онымен келісіп, тіпті өзіне қарата алатын қасиеті бар. Қ.Мырзалиевтің «Әдемі қыз – көзіңе жақын, әдепті қыз – көңіліңе жақын» деген сөзі Айданаға айтылғандай... Айданада көркінен бөлек, этика, қазақ қызына тән мінездер, киім киюінің әдебі, сөйлеу шешендігі, т.б. жақсы қасиеттердің баршасы табылады. Қаншалықты белсенді болуына қарамастан, күнделікті сабағынан қалған емес. Бұл өзін басқалардан жоғары санамайтындығын білдіреді.

Айданадағы мейірімділік, жомарттық қасиеттер де жоғары деңгейде көрініс табады. Достарына, айналасындағы адамдарға көмектесуге әрқашан дайын тұрады. Ашық көңілдігі оның айналасында достарының көп болуына себеп бола алады. Айдананы бүгінде ҚазҰУ-да барша студенттер таниды. Сабақ беретін ұстаздары да, факультет деканы да басқа студенттерге үлгі ретінде Айдананы нұсқайды.

Сонымен қатар Айдана оқуды да озат оқиды. Ректорымыз Ф.Мұтанов қарабылдаған «ҚазҰУ студенті оқуы тиіс 100 кітап» жобасын алғаш болып өзі орындап жүр. Қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетінің біршамасын Айдана біледі. Барлығына уақыт табатын Айдананы «уақыт иесі» демеске шараң жоқ. Сонымен қатар баспасөз беттеріндегі жаңалықтар, елде және әлемде болып жатқан айтулы оқиғалар Айдананың бақылауында болады. Қылт еткен жаңалықты бірінші болып Айданадан естіп жатамыз. Айданадан үйренеріміз өте көп. Ендеше Айдананы ҚазҰУ студенттеріне ғана емес, қазақ жастарына үлгі деуге әбден болады.

Дінмұхамед АЯЗБЕКОВ,  
3-курс студенті

## Жаны нұрлы ұстаз

Білім нәрін берген университетімізден түлеп ұшар күн жақындап келеді. Студенттік өмірдің қызығы мен қиындығын қатар көрген кездерді есіме алсам, кезекті дәріске ақырын баса келген ұстаздың сол бір бейнесі маған ерекше жылылық әкелгендей болады.

Алыстағы ата-анаңды, ауылды ойлап көздің жасын еріксіз шығарған алғашқы студенттік күндерде анама ұқсас ортақ қасиетін көп тапқанымнан ба Раушан апайды жүрегіме жақын қабылдадым. Мен ғана емес сол кездегі барлық студенттер Әбдіқұлова Раушан Мәмиқызының әр дәрісін асыға күтетін. Ол кісінің аузынан шыққан әр сөзді қалт жібермей тыңдаушы едік. Ол кісінің сабырлылығы, білімділігі әрі парасаттылығы адамды елітпей қоймайтын.

Алғаш оқылған сол дәрістерден бастап осы күнге дейін Раушан апай маған ұстаз ретінде тек қана білім беріп қоймай ақылшым, жанашырым, қамқоршым болып келеді. Осы бір асыл қасиеттері үшін апайыма айтар алғысым шексіз. Әдебиет теориясымен тереңнен айналысуға қызығушылығымды оятқаны үшін де апайға шынымен ризамын.

Раушан апайбіздің филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде студенттерді ғылыми-шығармашылыққа баулу мақсатымен алғашқылардың бірі болып, жаңа типтегі «Түлек» студенттер клубынашты. Аты айтып тұрғандай, клуб, негізінен, университетіміздің біртуар түлектерімен шығармашылық байланыс жасайды. Олармен қызықты кездесу кештерін өткізеді. Бізге қызықты болу үшін, біздің есімізде қалу үшін Раушан апай еш аянбайды. Біз сол кештерге атсалыса жүріп те, ұстазымыздан көп тағылым алдық деп ойлаймын.

Осылайша, студенттерге тек қана білім беріп қоймай, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуға, ғылыми-шығармашылықпен айналысуға демеу жасап келеді. Раушан апайға деніңіз сау болып, еңбегіңіз жемісті болсын әрі отбасыңызға амандық тілеймін дегім келеді. Сізді ешқашан ұмытпаймын және әркез менің сүйікті ұстазым болып қала бересіз.

Іңкәр ӨМІРҒАЛИ,  
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 4-курс студенті

12 апреля в КазНУ состоится творческий вечер известного деятеля культуры Казахстана Бекболата Тлеухана



## ТАЙДЗИЧУАННАН МАСТЕР-КЛАСС ӨТТІ

Жақында Конфуций институты мен шығыстану факультетінің ұйымдастырумен қытай тілі апталығы болып өтті. Оған Конфуций институттың мұғалімдері, шығыстану факультетінің деканы, ф.ғ.д., профессор Б.Н. Жұбатова ханым, қытайтану кафедрасының меңгерушісі З. Батпенова ханым және кафедра ұстаздары, студенттері, магистранттары қатысты.

Жастарға қытай халқының мәдениетін, салт-дәстүрін, ұлттық спорт түрлерін дөріптеген апталықта студенттер қытай халқының ұлттық спорт түрі тайдзичуанмен егжей-тегжей танысты.

Конфуций институтының Қытайдан келген оқытушысы Шы Тин Жуй мырза «Салауатты Қазақстан – 2015» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында шығыстану факультетінің және

Конфуций институтының 100-ге тарта студенттімен бірге Қытай халқының ұлттық спорт түрі тайдзичуаннан мастер-класс өткізді.

Мұнда алға қойылған басты мақсат – салауатты өмірге бағыттау мен дене тәрбиесіне баулу. Дені сау, жоғары білімді маман ғана сапалы қызмет етіп, өзінің алға қоған мақсатын орындай алады.

Қытайдың тайдзичуан спорт түрі – салауатты өмірдің кепілі ретінде қазіргі өсіп келе жатқан жастарды тек аудиторияда ғана емес, табиғат аясында салауатты өмір салтын дене тәрбиесінің тәсілдері арқылы қалыптастыру болып табылады.

**Р.Ө. АСЫЛБЕКОВ,**  
әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ жанындағы  
Конфуций институтының  
директоры

Терең ойды талап ететін, ойнасаң қызығына ешбір тоймайтын, халық даналығы қалдырған ойындардың бірі – тоғызқұмалақ. Халықпен бірге жасасып келе жатқан даналардың ойыны аталған тоғызқұмалақ бүгінде өзінің даму сатысында.

## Тоғызқұмалақ - ұлттық ойын

Жуырда ҚазҰУ-дың спорт кешенінде «Саламатты дене мәдениеті» жобасы бойынша химия және химиялық технология факультетінің «Мұрагер» клубының ұйымдастыруымен клубтың кубогы үшін тоғызқұмалақтан Алматы қаласының ЖОО-лары арасында ашық біріншілік өтті.

Екі күнге созылған бұл жолғы тоғызқұмалақшылар сайысында университетіміздің спортшыларының тоғызқұмалақ ойынын жетік меңгергендері тағы бір сәт дәлелденді. Себебі ең үздік спортшылар арасы-

нан суырылып шығып, университет намысын байрақты бәсекелерде табысты қорғап жүрген Экономика және бизнес жоғары мектебінің 2 курс студенттері А.Нағымова I орынды, Ү.Сермағанбет пен Қ.Хасанов III орынды қанжығасына байлады. Сонымен қатар, 1 курс студенті Н.Абай сынды балғын тоғызқұмалақшылар да жақсы ойын өрнектерімен көзге түсті.

Сайысқа қатысушы жеңімпаздарға мақтау қағаздары мен сыйлықтар табысталды.

**А. ЖОЛДАСОВА**

Ең бірінші «Сұңқар» студенттер кәсіподағы туралы факультеттегі хабарландырулардың бірінен оқыдым. Сол күннен бастап «Сұңқар» жайлы жақынырақ білгім келді. Экономика және бизнес жоғары мектебінің 3-қабатында орналасқан «Сұңқардың» офисіне бардым. Жылы жүзді қараторы қыз күлімдәл қарсы алды. Өзін таныстырды. Есімі Айдана екен. Танысқаннан кейін өзім туралы айтып беруімді өтінді. Мені мұқият тыңдап, «Сұңқар» студенттер кәсіподағы жайында қызықты жайларды айтып берді. «Сұңқардың» 1999 жылы құрылғанын, университеттік деңгейде жұмыс жасайтынын, университетіміздегі белді кәсіподақтардың бірі екенін білдім. Кейіннен Айдана хабарласып, «Сұңқар» студенттер кәсіподағының мүшесі болғаныммен құттықтағанда қуанышымда шек болмады.

## Сүйікті «Сұңқарым»

«Сұңқардың» бірінші жиналысы. Бойымды толқу сезімі билеп, ыңғайсызданып отырмын. Бір кезде Айдана: «Командамыздың жаңа мүшесімен танысып алайық, есімі – Айгерім», – деп мені студенттерге таныстырды. Сыдықова Айдананың «Сұңқар» ұйымының экономика және бизнес жоғары мектебіндегі төрайымы екенін осы жиналыста білдім. Жарқын жүзді студенттерге бірден үйренісіп кеттім. Міне, мен сүйікті «Сұңқарыммен» осылай достастым.

14 сәуір күні «Сұңқар» 14 жасқа толмақ. Өзінің 14 жылында «Сұңқар» студенттер кәсіподағы қайырымдылық акцияларын ұйымдастырумен, мерекелік концерттер қоюмен, студенттердің білімін шыңдау мақсатында өткізілетін халықаралық деңгейдегі конференцияларды ұйымдастырумен, қоғамдағы кейбір түйіні шешілмеген проблемаларды нақтылау үшін дөңгелек үстелдер өткізумен айналысып келеді. Өр кез студенттердің құқықтарын қорғап, олардың жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал жасап жүрген «Сұңқар» талантты, дарынды студенттердің басын қосатын биік шаңырақ іспетті.

«Сұңқар» студенттер кәсіподағының бастамасымен университеттік деңгейде былтырдан бастап «Ең үздік топ», «Ең

үздік отбасы» жобаларын ұйымдастыру қолға алынды. Аталған жобалар биылғы жылы да жалғасын таппақ.

Студенттік ұйымымызда осы көктемде біраз өзгерістер болды. Сыдықова Айдана университеттік деңгейдегі «Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрайымы болып бекітілді. Факультетіміздің белсенді студенті Айданың басшылығымен келешекте де «Сұңқарымыздың» биік белестерден көрінетініне көміл сенімдіміз.

«Бірігіп көтерген жүк жеңіл» демші ұйым болып, еліміздің дамуына кішкентай болса да үлес қоса алсақ, онда біздің мақсатымызға жеткеніміз. Тәуелсіз мемлекетіміздің келешек өсіп-өркендеуі жастардың қолында. Ел болашағының жарқын болуы тікелей жастарға байланысты. Сондықтан да біз, жастар, өзіндік ой-пікірі бар, шыншыл, бәсекеге қабілетті болуымыз керек. Ұйымның атының өзі айтып тұрғандай, жастар сұңқардай биікке құмар, білімге құштар болса, Қазақстанымыздың қарыштап дамитыны сөзсіз.

Ғұмырың ұзақ болсын, сүйікті «Сұңқарым»!

**Айгерім Жанықұлова,**  
экономика және бизнес жоғары  
мектебінің 2-курс студенті

## Үстел теннисінен жарыс өтті

Жуырда «Саламатты дене мәдениеті» жобасы бойынша экономика және бизнес жоғары мектебінің «Сұңқар» студенттер кәсіподағы және аға эдвайзері Асқаров Ғани Асқарұлының ұйымдастыруымен «Сұңқар» кубогына үстел теннисінен тартысты да қызықты ойын өтті.

«Бұл спорттық жарыстардың салауатты өмір сүруге, денсаулықтың нығаюына, сондай-ақ күнделікті қарбалас жұмыстардан бір сәтке сергіп, психологиялық-физиологиялық тұрғыдан болсын демалуға тигізер әсері зор» дейді спорттық жарысқа қатысушылар.

Жарыс жолына шығуға 8 студент өтініш білдіріп, «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарды» өзара анықтау әділ қазылырдың төрелігімен қорытындыланды. Қорытынды бойынша, жеке есепте көп ұпай жинап, алға суырылып шыққан

Жәнібек Турағұлов I орын иегері атанып, «Сұңқар» кубогын еншілесі, Бақтияр Темірхан II орынды, Азамат Убайдуллаев III орынды иеленіп, сыйлықтармен марапатталды.

Спорттық сайыс студенттердің бәсекелестіктерін арттырып қана қоймай, денені үнемі шынықтыру арқылы сананың сапа деңгейін, ойлау дәрежесін, күнделікті сабаққа деген ынтасын көтеру, интеллект өрісін биіктету, рухты шыңдау, демалысты дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді. Ал жастар арасынан қолдау табатын осындай спорттық іс-шараларды жиі өткізу қолға алынса адам денсаулығына тиімді нәтиже беретіні сөзсіз.

**Айзада ЖОЛДАСОВА,**  
экономика және бизнес жоғары  
мектебінің 3-курс студенті

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА  
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА  
Беттеуші – Айжан ЖАҚЫПОВА  
Фототілшілер: Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ, Асқар ТАМАШ

### МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

### Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана.  
Тапсырыс № 10357

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.